"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент к., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09-15/386
30.01.2018ж.

«Боонис КС» ЖШС-нің директоры С.Б.Шанкөзге

ОҚО, Ленгір қаласы,8 наурыз көшесі, н/с үй.

Сіздің 25.01.2018 жылғы №2 *(кіріс ЗТ-Ш-46 25.01.2018ж)* өтінішіңізге, ОҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(әрі қарай–Департамент)* «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 4-тармағының 1-тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 30.11.2015 жылғы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес жүргізілген камералдық бақылауға сәйкес төмендегіні хабарлайды:

Камералдық бақылаумен "Оңтүстік Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесімен *(әрі қарай – Мекеме)* 2017 жылдың 29 қарашада веб-порталға жарияланған:

№2133155-1 «ОҚО, Ордабасы ауданы, Темірлан ауылы, ПМК аумағындағы электр желілерінің құрылысы» хабарландырулары бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы ақпаратты жинау, қорыту, талдау, жүйелеу және бағалау негізінде осы мемлекеттік сатып алудың қорытынды хаттамасы шешімдерінің ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына *(әрі қарай-Заң)*, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу» қағидаларының талаптарына (*әрі қарай - Қағида)* сәйкес келуіне жүргізілді.

Камералдық бақылау жұмыстарын жүргізу нәтижесі бойынша анықталғаны.

Қағиданың 150 тармағының 1 тармақшасында конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмесе конкурсқа жіберілмейді делінген.

Қонкурстық құжаттманың 5-қосымшасы болып табылатын біліктілігі туралы мәліметінің ескертпесінің 15 тармағында конкурстық құжаттамада көзделген құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының және әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімінде ұсынылған құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының бір-бірін ауыстыруы жобалаушымен келісіледі делінген.

Веб-порталдағы конкурстық құжаттамаға осы конкурста сатып алуға қажетті жұмысты атқару үшін қолданылатын құрылыс машиналарының, механизмдердің, автокөлік құралдарының негізгі түрлері мен еңбек ресурстарының жобалаушымен келісілген тізбесі тіркелген. Осы тізбеде басқа техникалармен қатар *«Автопогрузчик,5т»* техникасы мен «Катки дорожные самаходные гладкие 8т» техникасының болуы керек деген талап қойылған.

Алайда, Сіздің өтініміндегі біліктілігі туралы мәліметіңізде Тусупов С.Т. жеке тұлғадан 21.12.2017 жылғы келісім шартпен жалға алынған *«Погрузчик LG956L»* техникасы көрсетілген. Яғни, бұл техника жобалаушымен бекітілген тізбедегі *«Автопогрузчик,5т»* техникасына сай келмейтіні, ал, бұл техникалардың бір-бірін алмастыратыны жайлы жобалаушының келісімі ұсынылмаған.

Сонымен қатар «Катки дорожные самаходные гладкие 8т» техникасының орынына Котова Н.В. жеке тұлғадан 22.12.2017 жылғы н/з алдын ала жалдау келісім шартымен Каток дорожный ДУ-47Б және «Байсултан TRANS» ЖШС-нен 16.03.2017 жылғы №16-03-17 келісім шартымен Каток дорожный вибрационный YZ 14-5 техникаларының техникалық сипаттамасы сай келмейтіндігі ал, бұл техникалардың бір-бірін алмастыратыны жайлы жобалаушының келісімі ұсынылмағандығы анықталды.

Конкурстық өтінімі біліктіліктер туралы мәліметіңіздегі «НГСК КазСтройСервис» Центральная техническая база» АҚ бөлімшесінен н/з 26.12.2017 жылғы алдын ала келісім шартымен Вилочный погрузчик heli cpcd50 техникасы ұсынылған. Алайда бұл келісім шарттың талаптарында аталған техника басқа конкурстар бойынша жалға берілгендігі анықталды. Аталған кемшіліктер конкурстық комиссиямен алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілгендігі анықталды.

Бұған қоса, **ҚР ҚМ ішкі мемлекеттік аудит комитетінің 07.09.2017 жылғы №366 қорытындысына сай**, *«Автопогрузчик,5т»* техникасын *«Погрузчик LG 933 L»* техникасымен ауыстыра алатындығы, жобалаушымен келісіледі деген шешім шығарылған.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, жауаппен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа органдарына шағымдануға құқылы екендігіңізді түсіндіреміз.

Департамент
басшысының орынбасары **Қ.Сапарбеков**

Орын.Умирбеков У.
Тел: 35-06-06